



30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ



БІЛІМ

Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев жаңа оқу жылы қарсаңында ведомствоның мектептерде хиджаб киюге қатысты ұстанымы қандай екенін айтты.

Орталық коммуникациялар қызметінің брифингінде Е.Сағадиев «Хиджаб киетін оқушыларға келсек, оларға мұндай киіммен мектепке келуге тыйым салынады. Біздің позициямыз өзгерген жоқ. Балаларды бөлек оқыту дегенді діни оқытумен шатастырудың қажеті жоқ. Оқу қандай болса да, мектеп бағдарламасы барлығына бірдей. Ол сол күйі

ХИДЖАБҚА МЕКТЕПТЕ ОРЫН ЖОҚ



қалады, сондықтан да білім беру жүйесі жалпыға ортақ мемлекеттік талаптар негізінде жүргізіледі. Бұл барлығына қатысты», – деді. Министр қоғамның бұл мәселеге түсіністікпен қарайтынына сенетінін айтты.

Ол брифинг кезінде жыл басында әлеуметтік даму министрлігінде айтылған ұсынысқа қатысты пікір білдірді. Естеріңізде болса, әлеуметтік даму министрлігінде ер балалар мен қыздарды бөлек оқытуға арналған жеке мектеп ашу жөнінде ұсыныс жасалған болатын.

Е.Сағадиев оқушылардың мектепте ортамал тағуына болмайтынын бірнеше жылдан бері айтып келеді. Қайсыбір жылы хиджаб киетін оқушы мектептің табалдырығына дейін ортамал тағып келіп, сыныпқа мектеп формасымен кіруі керек деп талап еткен. Содан бері бұл дауға нүкте қойылмады.

(Өз тілшіміз)

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

ҚАНДАСТЫҢ ҚАМЫ ДЕП...



Шыңжаңның тыныштығы әуелі біз үшін керек. Өйткені Шыңжаң көп ұлтты өлке. Сол көп ұлттың бірі – біздің қандастарымыз. Біз бұл сапарда кездесуде болған барлық басшыларға Шыңжаңда заңды белден басып жатыр деген пікірді ашық айттық. Олар «Ол жағын мойындаймыз. Біз осы мәселенің барлығын ескеріп, орталық үкіметке жібереміз» деді. Сыртқы істер министрінің көмекшісі, бұрынғы елші Чжан Ханьхуэй мырзамен де кездестік. Ол «Асыра сілтеу бар. Бұл уақыт еншісіндегі мәселе. Көп ұзамай шешіледі» деді.

(Толығырақ 3-бетте)



БИРЖАМЕТР

DOLLAR
361,31

EURO
422,84

РУБЛЬ
5,36

МҰНАЙ (brent)
76,23

АЛАШ ТАРИХЫ

ЖҮЗ ЖЫЛҒА СОЗЫЛҒАН ҚУҒЫН

1904 жылы А.Байтұрсынов Омбыдағы Торғай облысы оқу істері жөніндегі инспекторы Алекторовты іздеп барған. Оған мектептерде қазақ балаларын христиан дініне кіргізуді доғаруды, мұсылманша оқытатын қазақ кластарын ашу мәселелерін айтқан болатын. Бірақ миссионерлік қызмет атқарып жүрген Алекторов А.Байтұрсыновтың көтерген мәселелеріне көңіл бөлмеді. Ресей отаршыларының қазақ жерінде мектеп ашқандағы мақсаттары, оларды христиан дініне көптеп тарту екенін А.Байтұрсынов содан түсінген.



(Толығырақ 7-бетте)

30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

Кеше Астанада ел Конституциясы күніне арналған халықаралық конференция өтті. Президент Нұрсұлтан Назарбаев осы жиынға қатысушылармен кездесіп, айтулы мерекеге қатысқандары үшін шетелдік қонақтарға алғысын айтты. «Біз Конституция құру ісіндегі ынтымақтастық пен өзара тәжірибе алмасу мүмкіндігін жоғары бағалаймыз. Бағалы ақыл-кеңестер үшін ризашылығымызды білдіреміз» деді Елбасы.

өкілеттілігін Парламент пен Үкімет арасында бөліп беру туралы бастама көтердім. Бұл олардың іс-қимылын кеңейтіп, жауапкершілігін арттыру үшін қажет, — деді Елбасы.

Мемлекет басшысының айтуынша, Конституцияның жоғарғы заң күшін қамтамасыз етуде еліміз құқық үстемдігін бекіту саясатын мақсатты түрде жүргізіп келеді. Қазақстанның халықаралық аренадағы жетістігі оның асқақ беделі мен бейбітсүйгіш сыртқы саясатты ұстану қағидасының өміршендігін дәлелдей түседі.

— Қазақстанның жетістіктерін әлем қауымдастығы сөзсіз мойындады. Ширек ғасыр ішінде біз экономика көлемін 22

сактай алады. Биыл Астанада өтетін VI Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі соның дәлелі бола алады, — деді Президент Нұрсұлтан Назарбаев.

Халықаралық сарапшылар өз кезегінде Елбасыға ризашылығын білдіріп, Конституция күнін атап өту елдің ең басты құжатының маңыздылығын айғақтайтынын айтты.

— Конституция күнін атап өтудің өзі тәрбиелік сипаты бар өркениетті қадам. Әсіресе, жастар арасында конституциялық құндылықтарды құру және тарату үшін керек. Сондай-ақ қоғамның алға ұмтылғанын көрсетеді. Бұл — қоғамдық үйлесім, тыныштық пен тұрақтылықты орнату жолы, — деді Алжир

ТЫНЫШТЫҚ ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ БАЯНДЫ ЕТУ

Мемлекет басшысы егемендік алғаннан кейін еліміздегі конституционализмнің даму тарихына тоқталды.

— 1995 жылдың көктемінде бір топ заңгер ғалымдармен бірлесе отырып, қандай конституция қабылдау керектігін талқылады. Өзім Еуропадағы 20 елдің, Америка мен Азияның конституцияларын қарап шықтым. Біз өзге елдің конституциясын сол күйінде көшіре алмайтын едік. 1995 жылғы желтоқсанда өткен бүкілхалықтық референдумнан кейін Конституциямызды қабылдадық. Көпшілік оны қолдады. Сөйтіп ол біздің Атазаңымызға айналды. Біз қазір соған сүйенеміз. Конституция заман талабына қарай үздіксіз өзгеріп отырады. Мәселен, былтырғы жылдың басында Президент



есе арттырдық. Халықтың тұрмысын жақсарттық, көп этникалық және көп конфессиялық мемлекет құрдық. Бізде адамдар өздерінің діни салтын ұстанып, туған тілінде сөйлейді, өз мәдениетін

Халық Демократиялық республикасы Конституциялық кеңесінің төрағасы М.Меделчи.

(Өз тілшіміз)

Әлеумет.т⁰



«Инвестор болсаңыз, өзіңізге түсінікті бизнестегі үлесті (*акция*) оңтайлы бағамен сатып алуды ойлаңыз. Оның (*компания*) табысы 5, 10, 20 жылдан кейін анағұрлым артады. Уақыт өте мұндай талапқа тек бірнеше компанияның ғана жауап бере алатынына көз жеткізесіз. Мына бір қағиданы ұмытпаңыз: егер 10 жыл бойы акцияның иесі болғыңыз келмесе, онда оларды 10 минутқа бола сатып алудың қажеті жоқ». Бұл — әлемдік базардың майын ішкен атакты қаржыгер Уоррен Баффеттен бір кеңес.

Әрине, біздегі қор нарығының қарқынына қарап, екіншісі бір акционер немесе брокер деуге келмейді. Дегенмен, ірі компаниялардың IPO-ға шығуы осы салаға жұрттың

қарашаға дейін қайта сатып алынатыны жарияланды. Мұндай құнды қағаз иелерінің 86 пайызы нақты өндірістегі қазіргі және бұрынғы қызметкерлер деседі. Қалғаны — кейбір заңды тұлғаларға тиесілі. Бір акцияның құны 12 мың 800 тенге болып белгіленді. Көп пе, аз ба? Белгілі қаржы сарапшылары нарықтағы қазіргі ахуалға қарап, бағаның тиімді екенін айтады. Іскерлік сипаттағы ақпаратқа жүгінсек, соңғы айдағы сауда-саттық бойынша орташа баға 10 292 теңгені құраған. Бұл мұндай акцияны сатқандар 24 пайыз көлемінде сыйақы алады деген сөз. 2015-2017 жылдары бір акцияның бағасы 5,5 мың — 9,3 мың тенге еді. Сол кезде сатып алғандар ұтады. Рас, мұнай бағасы шарықтап тұрғанда құнды қағазды 20

ТАМЫРЫН ТАП БАСУ

ықыласын арттыруы мүмкін. Бұл жетіде Елбасы Ақордада «ҚазМұнайГаз» (*КМГ*) ұлттық компаниясының басшысы Сауат Мынбаевты қабылдап, аса ірі өндіріс холдингінің әлеуетін энергетика секторын одан әрі дамыту үшін пайдалану қажеттігін атап өтті. Кездесуде трансформация (*оңтайландыру*) мен компанияның IPO-ға шығуына дайындық барысы да сөз болды.

Айта кеткен жөн, бұл салаға қатысты біраз шаруа қолға алынды. Өткен жылдың соңында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіріс АҚ (*КМГ БӨ*) АҚ өзінің ғаламдық депозиттік қолхаттары (*GDR*) мен жай акцияларын қайта сатып алу жөнінде ұсыныс жасады. Компания биылғы көктемде Қазақстан қор биржасы мен Лондон қор биржасында делистинг (*акцияларды биржа тізімінен алып тастау*) жасады. Ал артықшылығы бар акциялар әлгі бағдарламаға енгізілген жоқ. Компания алғашқы қадамның нәтижесін күтті. Сәтін салып, акционерлердің басым бөлігі осы buyback (*қайта сатып алу*) амалын қолдады. Сөйтіп «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының КМГ БӨ акционерлік қоғамындағы үлесі 63 пайыздан 94,5 %-ға дейін көбейді.

Міне, осыдан кейін әлгі артықшылығы бар акциялардың алдағы 16

мың теңгеге иеленгендер шығынға батуы ықтимал. Нарық заңы қатал. Биржаның тамырын тап басқандар ғана пайдаға кенеледі. Жолы болмаған табыстан қағылады.

Жалпы, buyback компанияға не береді? Мұны бір ауыз сөзбен түйіндесек, компанияға өз инвестициясын монетизация (*активті пайдаға айналдыру*) жасауға, КМГ компаниялар тобында әңгіме басында айтылған оңтайландыру жоспарын іске асыруға қолайлы жағдай туғызады. Осы үрдіс КМГ БӨ акционерлік қоғамын да қамтуы мүмкін.

IPO-ның қалың бұқараға қазба байлықтың игілігін көруге мүмкіндік беретіні әркімге белгілі. Отандық мұнай мен газ саласында шикізат өндірумен қабат, өнім өңдеу жолға қойылып келеді. Тіпті 400 мың тонна жанармайды экспортқа жөнелту көзделуде. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық компания Уоррен Баффет айтпақшы, санаулылардың бірі болып табылады. Сарапшылардың акцияға қатысты «Ұтпасан, ұтылмайсың» деуі де содан болса керек.

Срайыл СМАЙЫЛ, шолушы



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

49

жаңа мектеп бірінші қоңырау күні ашылады

50

отандық спортшылар Азиадада медальді еселеді

1 550

жыл басынан бері Алматыда автокөлік бөлшектерін ұрлау дерегі

17

мыңнан астам адам жұмыссыздар ретінде тіркелді

7 сөз

«7-20-25» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЕҢ ҚЫМБАТ БАСПАНАЛАР АСТАНАДА

1+3



Бауыржан БАЙБЕК, Алматы қаласының әкімі:

«Тіркелмеген 22 мың жұмыссызды еңбекке тарту керек. Өкінішке

қарай, көпшілігі жалақыны азсынып, бағдарламаға қатысудан бас тартты. Мәселен, Алматыдағы орташа жалақы – 205 мың теңге. Бұл республикалық көрсеткіштен 26 пайыз артық. Ал бағдарлама бойынша орташа жалақы – 50 мың теңге. Осыған орай, министрлікке өз ұсынысымызды жібердік. Жұмыс елі де жалғасады»



Серік ШӨПКЕНОВ, Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары:

«Бұл мұнайлы аймақ, жалақы да жоғары. Ал жұмыссыздардың белгілі бір дәрежеде білімі болмаса да, жоғары жалақыны талап етеді. Біз ұсынатын жұмысқа келісе бермейді.

Қысқа мерзімде оларды оқытып, жұмыспен қамтуды жалғастырамыз»



Медина ӘБІЛҚАСЫМОВА, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі:

«Әлеуметтік жұмыс орындары мұқтаж жандарға, негізінен кәсіби білігі жоқтарға арнап құрылады. Мемлекет олардың жалақысын субсидиялайды. Жұмыс берушінің қосымша ақы төлеуге құқығы бар. Егер ол төлегісі келмесе, онда бағдарламаға қатысушы осы 50 мың теңгені місе тұтады. Бұл қазір мемлекет төлей алатын шекті көлем»



Алексей ЦОЙ, денсаулық сақтау вице-министрі:

«Егер де науқас медицина қызметкерінің сөзіне құлақ аспай, ем қабылдаудан, профилактикалық тексеруден бас тартса, вакцина ектірмесе, оған қатысты шара қолданылады. Мәселен, дәрігерді тыңдамағандықтан жағдайы мүшкілденсе, бүкіл ем-домды өзі төлейді. Бәлкім, жазалау ғана емес, қандай да бір жеңілдік болуы да мүмкін. Ол өз денсаулығын күйттеп, зиянды әдеттен арылғысы келетін науқастарға қатысты. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мұндай шара адамдарды тәртіпке шақыру үшін керек»



Ашық әңгіме

Жуырда Алматыдан бір топ қоғам өкілдері Қытайға іссапармен барып қайтты. Біз сол сапарды ұйымдастыруға дөнекер болған «Жебеу» республикалық қоғамдық бірлестігінің басшысы Омарәлі Әділбекпен әңгімелөскөн өдік.

Жас qazaq: Омарәлі мырза, сіздер жақында бір топ қоғамдық ұйым өкілдері мен саясаттанушылар Қытайға іссапармен барып қайттыңыздар. Сол сапардың негізгі мақсатын айта кетсеңіз.

О.Әділбек: Біздің Қытайға барудағы негізгі мақсатымыз — арғы беттегі қазақтар мәселесін дипломатиялық жолмен сөйлесіп, шама келсе, жағдайды көзбен көріп қайту еді. Астанада 12, Алматыдан 5 адам, ҚХР Қазақстандағы елшілігінің консулдық басқармасының басшысы Гу Мин бастаған жалпы 18 адам бардық. Елшіліктің кеңесшісі Әбутәліп Аймаханов келді. Сол күні сағат үште Қытайдың «Біртұтас майдан» министрлігінің басшысы Кан да жи қабылдады. 1937 жылы жапондарға қарсы құрылған ұйым. Қазір құрамына бірнеше департамент қарайды. Біз

туыскандарына туысшылау шақыртуын жіберуге немесе туыстық қатынастарын растауға рұқсат бермей, нәтижесінде Қытайдан келіп Қазақстан азаматтығын алған, этникалық қазақтар Қытайға бару визасын ала алмай, туыстық қарым-қатынастан шектеліп, қиындық көруде. Біз осы мәселелерді қойдық.

Жас qazaq: Қандастарымыздың қос азаматтық бойынша айыпталып жатқанын қалай түсіндіресіз?

О.Әділбек: Қазақстан мен Қытай арасында қос азаматтық деген мәселе жоқ. Мен осыны бұрыннан айтып жүрмін. Қазақстан Кеңес одағының құрамынан шыққан ел. Тұрақты тіркеу дегенге қараймыз. Ал Қазақстан азаматтығын алған кезде, біз алдымен Қытайдың паспортын өткізіп, содан кейін ғана Қазақстанның төлқұжатын аламыз. Қытай азаматтары шетелге біржола кетсе де, тіркеуден өшпей тұрады. Екі жақта тіркеуде тұрғандықтан, қос азаматтығы бар деп айыпталуда.

Жас qazaq: Бұл мәселені шешудің бейбіт, өркениетті жолы бар ма?

О.Әділбек: Әрине, ондай жолы бар. Қытай біздің тарихи көршіміз. Біздің бұрынғы хандарымыздың бәрі бұл елмен мықты дипломатиялық қарым-қатынас жасап, жер-су, шекара мәселесінің бәрін бейбіт жолмен шешіп отырған.

QOĞAM

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Оның үстіне, қазір Қазақстан мен Қытай Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше. Терроризмге қарсы тұруға екі ел де қол қойған. Біздің іссапар да осы өркениетті жолға жатады.

Қытайлар дипломатиялық қатынасқа мықты әрі мүдделі. Олар кез келген істі сәтті келісім арқылы шешудің жолы мен қыр-сырын жетік меңгерген. Қытаймен бірлесіп ашқан кәсіпорындар бар. Ол екі ел үшін де тиімді. Осындай кәсіпорынға оралмандарды тартып, еңбек күшін байланыстырудың да жолы бар. Біздің сапарымыз Елбасының маусым айындағы сапарының жемісі деп ойлаймын.

Қытай билігі Шыңжаңдағы қазақтар мәселесіне сыртқы күштердің араласқанын сезді. Шыңжаңның тыныштығы әуелі біз үшін керек. Өйткені Шыңжаң көп ұлтты өлке. Сол көп ұлттың бірі — біздің қандастарымыз. Біз бұл сапарда кездесуде болған барлық

Білім

Биылғы жаңа оқу жылында мектептер латын әліпбиіне көшпейді. Оң-солы реттеліп, толық бекітілмеген бағдарламаны оқушыларға ұсыну кейінге шегерілген. Білім күні қарсаңында БАҚ өкілдерімен кездескен өліміздің бас ұстазы Ерлан Сағадиев осылай деді.

Артық құжат талап етілмейді

Министр әңгіменің «әлқиссасын» латын әліпбиіне қатысты ел аузындағы алып-қашпа еңгімеден бастады. Е.Сағадиев Астана

министр. Оның айтуынша, қазір тиісті талап бекітілген, соған сәйкес мектепке тек 4 құжат тапсыру керек. Туу туралы куәлік, денсаулығы туралы анықтама, баланың



қаласындағы 5 мектеп, 3 колледж латын әліпбиінде оқытуға көшеді деген ақпаратты жоққа шығарды.

«Биылғы жылы латын әліпбиімен балалар оқымайды. Мұндай мәселе көтерілген жоқ. Ең алдымен бізге ережелер керек. Сосын барып апробация басталады», — деді білім және ғылым министрі. Оның айтуынша, қазір арнайы мектептерді тандап алу мәселесі қарастырылып жатқан көрінеді. Елордала №40, 68 және 76 мектептерде латын әліпбиі негізінде оқыту емес үйрету, балаларға таныстыру жұмыстары жүргізілмек екен. Тандалған білім беру мекемелерінде жана алфавитпен таныстыру негізгі сабақ өткізу процесінен тыс уақытта жүргізіледі. Астана қалалық №68 орта мектебінің директоры Күнімбала Баяхметова «Үш мектеп тандап алынып отыр. Сабаққа процесінде толық қолданылмайды. Үйірмелерге берілетін сабақтардың уақытында латын әліпбиі оқытылады. Бір ұстазымыз кәсіби біліктілігін арттырған. Сол маман балаларға үйретеді. Басқа да ұстаздар бұл іске тартылып отыр», — деді.

Сондай-ақ жиында білім саласына қатысты өзге де өзекті тақырыптар сөз болды. Қазір баланы қабылдау кезінде артық құжат сұратқан мектеп директорлары жазаға тартылып жатқан көрінеді. Білім және ғылым вице-министрі Асхат Аймағамбетовтің сөзінше, Астанадағы кейбір мектептер ата-аналардан мекенжай

суреті, ата-анасының электронды қолтаңбасы. Одан басқа құжат сұралса, мектеп басшылығы жауапқа тартылады.

Министрдің орынбасары Асхат Айтмағамбетов ауыл мұғалімдерінің 200 мың теңгеге дейін айлық алатын мүмкіндігін өзінше түсіндіріп берді. Вице-министр «Болжаммен есептесек, ауыл мұғалімі 200 мың теңгеден артық ала алады. Мәселен, оның жалақысы — 103 мың теңге болсын. Егер оның сыныптары болса, дәптер тексерсе, зиянды заттармен жұмыс істесе, қосымша 27 мың теңге төленеді. Жанартылған білім мазмұны үшін тағы 30 мың теңге қосылады. «Шебер педагог» атағын алса, жалақының 50 пайызы тағы бар. Ағылшын тілінде оқитын сыныптарға сабақ берсе, қосымша 35 мың теңге төленеді. Сонда оның жалақысы шамамен 235 мың теңгеден асып отыр. Әрине, мұның бәрі ұстаздың санатына, жетістіктеріне байланысты есептеледі», — деді.

Саладағы тағы бір жаналық, колледждердің рейтингі мемлекеттік тапсырыс құрудың негізіне айналады. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы келесі жылдан бастап нарық талаптарын ескере отырып, колледждердің рейтингін қолға алып, нәтижеге басымдық бермек. Министрдің дерегінше, қазір техникалық және кәсіби білімнің қайталанатын және қажетсіз 109 мамандығы қысқарған. Нәтижесінде, 66 бейін өзгеріп, 20



анықтамасын талап етіпті. «Осы аптаның ішінде Астана қаласы бойынша 5 мектептің директоры жауапқа тартылған. Соның ішінде қатаң сөгіс де бар. Жол берілген бұл қателіктерге қатысты тиісті шара қабылданып жатыр. Басқа облыстарда, елді мекендерде бұл жұмыс ары қарай жалғасады», — деді вице-

колледж біріктірілген. 477 колледждің 467-сі қалған. Сондай-ақ техникалық және кәсіби білім қызметкерлерінің мәртебесін арттыру үшін 2020 жылдан бастап ұлттық біліктілік сынағын енгізу жоспарланып отыр.

Бейсен НАРЫНБЕК, Астана

Омарәлі ӘДІЛБЕК:

ТҮЙТКІЛДІ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН ШЕШУ КЕРЕК



барлық кездесуде 6 мәселе көтердік.

Жас qazaq: Соған егжей-тегжейлі тоқтала кетсеңіз.

О.Әділбек: Бірінші, бөліп-жарылған отбасы мәселесі. Отбасы мүшелерінің біреуі немесе бірнешеуі Қазақстан азаматы, қалғандары Қытай азаматы болып қалғандар бар. Екінші, зейнетақының тоқтатылу мәселесі. Қытайда қызмет істеп, зейнетке шыққан азаматтар Қазақстан азаматтығын алғаннан кейін, олардың зейнетақысы бұрынғы өздері қызмет еткен мекемелері тарапынан тоқтатылып, олардың өмір баки бейнетінің зейнетін көру мүмкіндігінен айырып тастауда. Шетелде жалпы 62 миллионнан астам қытай болса, солардың біразы елінен зейнетақысын еш қиындықсыз алып отыр. Неге қазақтар ала алмайды? «Біртұтас майдан» министрінің орынбасары Тан Тяньсин мырзаға осы мәселені айттық. Әңгіме қызу болды, талай пікірлер айтылды. Үшінші, тіркеуден шығу мәселесі. Бұрынғы тәртіп бойынша, Қытайдағы тұрғылықты тіркеуінен шықпай-ақ, Қазақстан азаматтығын қабылдаған азаматтар Қазақстан паспортымен Қытайға бара алатын. Ал қазір олар қос азаматтығы бар адам ретінде ұсталуда. Бұл кісілер Қытайдағы туыстары немесе таныстары арқылы тіркеуден шығайын десе, ШҰАР-дың жергілікті үкіметі оған рұқсат етпей, олардың Қытайға қайтып баруын талап етуде. Төртінші, Қазақстанда оқып жатқан студенттер мен оқушылар 2017-2018 жылдың қысқы демалысында Қытайға барған жерінен паспорттары жиналып алынып, тұтастай оқуын тастауға мәжбүр болған. Мұны да өзекті тақырып ретінде қойдық. Бесінші, Қазақстан азаматтығын қабылдаған қазақтар (бұрын Қытай азаматтары болған) осы елге сапарлау кезінде Қытайдың кеден немесе шекара қызметі тарапынан жөн-жосықсыз сұраққа алынуда. Алтыншы, ШҰАР-дың ішінара жергілікті мекемелері Қытай азаматтарының Қазақстандағы

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Чжан ХАНЬХУЭЙ, ҚХР сыртқы істер министрінің орынбасары, Қытайдың Қазақстандағы бұрынғы елшісі:



— Сөз жоқ, Қытай — Қазақстан үшін ең үлкен нарық. Ал осы тарапта адам құндылығы екі ел үшін де аса маңызды. Бүгінгі ахуал бәрімізге мәлім. Этникалық қазақтар жай ғана қоныс аударушылар емес, олар біздің сырттағы диаспорамыз, екі елдің достығының бірден-бір кепілі. Сіздердің жанайқайларыңызды жаныммен түсінем, себебі мен Қазақстанда үш жарым жыл елші қызметін атқарғанда қазақтардың сондай меймандос, бейбітсүйгіш ел екенін анық таныдым және қазақ еліне жанкүйермін десем де болады. Менің Қазақстаннан оралғанымға үш-төрт айдың ғана жүзі болды. Қазақстанда қызмет барысында осы мәселеде сіздермен әлденеше рет кездестім, мәселені бірге талқыладық. Осы делегацияның келу сапарын да сол кезде келіскенбіз. Міне, жүзеге асып отыр. Пікірлеріңізді бүкпей ашық айттыңыздар, Шыңжаңға барғанда автономиялық ауданның басшыларына да ойларыңызды бүкпесіз жеткізіңіздер. Олар Қазақстандағы қоғамдық пікірден толық хабар алу керек. Біз де проблеманы шешуге бар күшімізді саламыз, бірақ бұл мәселе ертең шешімін таба қояды деп айту қиын. Өйткені біздің де кейде шамамыз жетпей қалатын тұстар болады... Қытай үшін ең бастысы — ішкі тұрақтылық. Бұл жағдайда барлық кіші ұлттарға заң бірдей, ұлтаралық қатынаста қазақтардың ахуалын бөлек қарай алмаймыз. Жақында тікелей менің ұсынысыммен Шыңжаңға арнайы делегация бармақ. Бәрін таразылап, сараптап, соның нәтижесінде біз нақты қадамдар жасайтын боламыз. Әрине, жсалты өңірде, тәрбиелеу орындарында шаш ал десе, бас алып жатқан жағдайлар да болуы мүмкін. Жоғарыдағы саясат бөлек, төмендегі жағдай мүлде басқа болуы да ғажап емес. Мұның бәрін біз тексеретін боламыз. Сондай-ақ таяуда екіжақты қалыптасқан жағдайды реттеу үшін Қазақстанға арнайы ресми делегация барады. Қос азаматтық мәселесі сонда анық шешіледі. Рас, Шыңжаңдағы жағдай халықаралық деңгейде үлкен дау тудырды. Алайда мұның бәрі өркениетті жолмен шешілуі тиіс. Бұл орайда екі елдің зиялыларының да пікірі құнды. Сонымен қатар Қазақстандағы бірлескен кәсіпорындарға этникалық қазақтардың перзенттерін жұмысқа тарту туралы арнайы ұсыныс әзірленуде. Біз сыртқы істермен айналысамыз, осы орайда этникалық қазақтардың діни экстремизмге ұрынған дерегі тіркелген емес. Біз Қазақстанды неге қауіпті белдеуге санадық? Себебі, Шыңжаңдағы экстремистік топтарды қаржыландыру, әлеуметтік желі арқылы ақпараттандыру Қазақстан және Қырғызстан арқылы өтуде. Нәтижесінде, әсіредіңшілдер қатары молайған.

басшыларға «Шыңжаңдағы жергілікті атқарушы билік пен мекемелер заңды белден басып жатыр» дегенді ашық айттық. Олар «Ол жағын мойындаймыз. Біз осы мәселенің барлығын ескеріп, орталық үкіметке жібереміз» деді. Сыртқы істер министрінің көмекшісі, бұрынғы елші Чжан Ханьхуэй мырзамен де кездестік. Ол «Асыра сілтеу бар. Бұл уақыт еншісіндегі мәселе. Көп ұзамай шешіледі» деді.

Жас qazaq: Сапарларыңыздың мақсаты — қандастардың мәселесі, бірақ сіздер Бейжің мен Ухан, Үрімжі жактан ғана қайтқан сияқтысыздар ғой. Қазақтар қоныстанған ауыл-аудандарға жол түспеді ме?

О.Әділбек: Бәрі қытай тарапынан жасалған жоспар, солар белгілеген күн тәртібімен өтті. Үрімжіде болдық. Ол жерде сыртқы істер министрлігінің департамент басшысы күтіп алды. Біздің мақсатымыздан алдын ала хабары бар екен. Сөз бізге тигенде мен «Қытай Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы елдердің бірі. «Бір жол — бір белдеуі» маңызды серіктеспіз. 25 жылда біздің Елбасы 18-19 рет іссапармен келді, Қытай төрағасы Ши жиң пин (*Си Зинпин*) Қазақстанға 5 жылда 3 рет іссапармен барды. «Бір жол — бір белдеу» — халықтар арасындағы достықты ту еткен жоба. Шыңжаңдағы жағдайдың «Бір жол — бір белдеу» жобасына абырой әпермейтінін ашық айттым.

Осы орайда, үшінші күштер мен кейбір ұйымдар отқа май құйып жатқанын айта кету керек. Олар Қазақстан мен Қытай арасында от көсеуге құлшынып отыр. Мұндайлар тонның ішкі бауындай болып отырған Қазақстан мен Қытай қарым-қатынасына сызат түсіруі бек мүмкін. Содан алаңдаймыз.

Жас qazaq: Алтайдың арғы жағындағы қандастарымыздың рухани болмысы туралы не айтасыз?

О.Әділбек: Мені алаңдатағыны да осы сауал. Қазірдің өзінде 20 жастан төменгілер қазақ тілін білмейді. Қазақ тілі тек отбасылық тіл деңгейінде. Олар ұлтын сақтап қалғысы келсе, шығар жол — Қазақстан.

Жалпы сапар сәтті аяқталды. Мұндай түйткілді дипломатиялық жолмен ғана шешу керектігін түсіндік. Аттан мен айқай мәселені шешпейді.

Әңгімелескен Жарас КЕМЕЛЖАН

Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне – 20 жыл

Әу баста көпшілік күмәнмен қарайтын, бірақ нарықтың қатал сынынан ойдағыдай өтетін өміршең жобалар болады. Еліміздегі зейнетақы жүйесі – осы сөзімізге айқын дәлел. 2013 жылдың 21 маусымында «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданып, онда басқа да реформалар қатарында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын құру көзделген болатын. Сол жылы 31 шілдеде Үкімет қаулысымен «ГНПФ» Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ негізінде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы құрылды. Бірақ көпшіліктің көкейінде «БЖЗҚ бізге не береді? Оның пайдасы бар ма?» деген сауал тұрды.

Бұған дейін де отандық зейнетақы жүйесі талай кезенді бастан кешіргені мәлім. Айта кеткен жөн, биыл отандық жинақтаушы зейнетақы жүйесінің құрылғанына 20 жыл толды. 1997 жылы маусымда «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап еліміз ТМД елдері ішінде алғашқы болып жинақтаушы зейнетақы жүйесін енгізді. Бұл ретте ортақ зейнетақы жана жүйенің құрамдас бөлігі



зейнетақы жүйесінің дамуына сөзсіз ықпал етті.

1998–2002 жылдары елімізде жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен зейнетақы нарығының инфрақұрылымы қалыптасты. Нарықта жеке жинақтаушы зейнетақы қорлары пайда болды. Олар қатаң бәсекелестік жағдайында дамыды. Алғашқыда бұл оң нәтижесін бергені рас.

Бәсекеге төтеп бере алмаған қорлар нарықтан шықты. Кейбірі өзара бірігіп жатты. Бірақ уақыт өте бұл қорлар зейнетақы жүйесін

өркендетудің орнына, салымшыларды өздеріне тартуға кірісті. Сондықтан бірыңғай жүйе құру қажеттілігі туындады. Сөйтіп, 2013 жылы МЖЗҚ базасында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры құрылып, өзге зейнетақы жинақтаушы қорларындағы шоттар соған ауыстырылды.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын құру және оған зейнетақы активтерін шоғырландыру нарыққа өзгеріс әкелді. Әйтсе де, бұл үдеріс зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесіне кері әсерін тигізген жоқ.

Бүгінде елімізде көпдеңгейлі жүйе қалыптасқан: мемлекеттік бюджеттен төленетін базалық және еңбек өтіліне байланысты ортақ зейнетақы, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жүзеге асырылатын төлемдер, сондай-ақ ерікті зейнетақы жинақтары.

Елімізде зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ететін бірегей мемлекеттік кепілдік моделі жұмыс істейді. Соған сәйкес, болашақ зейнеткерлерді зейнетақымен қамту жауапкершілігі мемлекет, жұмыс беруші және салымшы арасында онтайлы бөлінген. Зейнетақы шотындағы жинақ салымшының меншігі болып табылады және мемлекет инфляция деңгейін ескере отырып, оның нақты өсірілген мөлшерінде сақталуына мемлекет кепілдік береді.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Өндіріс

Биылғы жарты жылдықта елімізде 28,6 млрд текше метр табиғи газ өндірілді. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 8,3 пайызға артық. Негізгі өсім – Атырау облысында. Мұнда алты айдың ішінде 12,3 млрд текше метр (43 пайыз) газ өндірілді. Одан кейінгі орында Батыс Қазақстан облысы – 10,4 млрд т/м (36,3 пайыз). 3,4 млрд т/м (11,9 пайыз) – Ақтөбе облысының үлесінде. Егер өндіріс қарқыны сақталса, жыл соңында отандық газ саласында жаңа рекордқа қол жеткізуге болады. Сөйкесінше, экспорт көлемі де артады.

Айта кеткен жөн, еліміздегі газ өндірісі 10 жылда шамамен 2-3 млрд текше метрге көбейіп отырды. Әсіресе, соңғы екі жылдың ішінде газ саласында тек өндірісте емес (2015 жылғы 43,2 т/м-ден 2017 жылы 52,9 т/м-ге дейін), басқа да бағыттарда жоғары көрсеткішке қол жеткізілді. Сөйтіп шетелдік сарапшылардың пікірінше, посткөрсеткіс кеңістікте алға суырылып шықты.

Отандық газ саласында қолға алынған шаралар желілерді бірыңғай газ-көлік жүйесіне біріктіруге, газ желісінің қашықтығы мен беріктігіне, экспортты ұлғайтуға, оған қоса аймақтарды газдандыруға ықпалын тигізді. Әлбетте, саланың қарыштап

ОТАНДЫҚ ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢ

дамуына газбен жабдықтаумен айналысатын ұлттық оператор «ҚазТрансГаз» АҚ қызметінің ықпал еткені түсінікті. Компания жетістіктері оның Орталық Азияда технологиялық мықты оператор, ТМД-да ең қарқынды дамып жатқан газ компаниясы атануына мүмкіндік берді. Тек 2017 жылғы қызметінің қорытындысы бойынша компанияның таза пайдасы

метрге ұлғайды. Халықаралық транзит 65,8 млрд т/м-ге жетті.

Айта кету керек, ұлттық оператор ішкі нарықтағы сауда операциясында зор шығынға ұшырайды. Себебі отандық тұтынушыға көгілдір отын өзінің құнынан төмен бағамен сатылады. Компания бұл шығынның орнын өз пайдасы есебінен жабады. Айталық, үстіміздегі жылдың алғашқы



88 пайызға өсіп, 83,2 млрд теңгеге жетті. Бұл көрші елдердің компанияларымен салыстырғанда жақсы көрсеткіш. Дегенмен ұлттық оператордың бүгінгі басшылығы газ саласындағы зор жетістіктер әлі алда деп санайды. Бүгінде өнеркәсіп категориясындағы газ қорының 86 пайызы игерілуі тиіс 30 шақты кен орнының үлесінде. Соған қарамастан, көгілдір отын дәстүрлі түрде Теңіз, Қашаған, Королев кен орындарында өндіріледі.

Қазіргі кезде «ҚазТрансГаз» АҚ еліміздің оңтүстік өңірлерін газбен жабдықтап, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Жамбыл облысындағы кеңіштердің Амангелді тобына үміт артады. Онда 2031 жылы өнеркәсіп өндірісі басталады. 2017 жылдың басында «Амангелді Газ» ЖШС 7,072 млрд т/м табиғи газ бен 303,5 мың тонна газ конденсатын өндіріді. Ал 10 жыл ішінде Амангелді кеңішінде газ өндіру 7,03 млрд текше метрге, газ конденсатын өндіру 303,15 мың тоннаға жетті.

Бүгінде «ҚазТрансГаз» АҚ елдегі 18 мың шақырымнан асатын газ желісі магистралін өз бақылауында ұстайды. Ол арқылы жылына 160 млрд текше метр көгілдір отын тасымалдауға болады. 46 мың шақырымға созылып жатқан газ тарату желісі 56 компрессор стансасының тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді. Оларда 342 газ айдайтын құрылғы орнатылған. Сондай-ақ 3 жерасты газ қоймасы бар. Соңғы жылдары «ҚазТрансГаз» АҚ өзінің газ-көлік инфрақұрылымын мақсатты түрде қайта құрды, кей тұсында толығымен жаңартты. Сөйтіп оны Орталық Азиядағы ең заманауи әрі техникалық жарактанған инфрақұрылымға айналдырды. Бүгінде елдегі 8 миллионнан астам тұтынушыға тауарлы газ жеткізу жауапкершілігі жүктелген компания аймақтағы ең ірі газ операторы болып отыр. Сауатты да қырағы менеджменттің арқасында «ҚазТрансГаз» АҚ ел ішін жүз пайыз көгілдір отынмен қамтамасыз ете алады.

2017 жылы «ҚазТрансГаз» АҚ топ-менеджментінің стратегиясы арқасында газ желісі магистралі арқылы көгілдір отын тасымалдау көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда 12,7 млрд текше метрге көбейді. Сөйтіп 101 млрд текше метрді құрады. Экспортқа газ тасымалдау 34 пайызға, яғни 17,7 текше

жартысында бұл бөліктегі шығын 27 млрд теңге болды. Сонымен бірге «ҚазТрансГаздың» орасан инвестициялық жүктемесі бар.

Тек былтырғы жылы компания жүзеге асыратын жобалар бойынша игерілген инвестицияның жалпы көлемі 82,3 млрд теңгені құрады. Бұл 2016 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 27,5 млрд теңгеге көп. Инвестиция өсімі ірі жобалармен байланысты. Мәселен, бір жыл бұрын «ҚазТрансГаз» 10 жылдық айналымға ие, номиналдық құны 750 млн доллар болатын еурооблигацияны ТМД-дағы корпоративтік эмитенттер ішінде ең төменгі 4,4 пайыз табыспен Ирландия қор биржасы (ISE) мен Қазақстан қор биржасында (KASE) орналастырды.

Соңғы жылдары «ҚазТрансГаз» АҚ жүзеге асырған ең манызды және

энергетикалық қауіпсіздігін нығайтып қоймай, отандық газ саласындағы жаңа кезеңге аяқ бастырды. Бұған дейін көгілдір отынмыз Еуропаға тек Ресей арқылы жеткізілетін.

Ұлттық оператор қазірдің өзінде еліміздің аумағы арқылы Түрікменстан мен Өзбекстаннан Қытайға өтетін табиғи газ транзитінен қомақты табыс тауып отыр. Тек былтырғы жылы транзит табысы 1 млрд



долларды құрады. Осы транзит пен экспорт есебінен газ инфрақұрылымына құйылған қаржыны еселеп қайтаруға мүмкіндік бар.

Аймақтарды газбен жабдықтау – «ҚазТрансГаз» қызметінің маңызды бір бөлігі. Соңғы бір жарым-екі жыл ішінде ел ішіндегі газдандыру деңгейін 47,38 пайызға жеткізді. Бүгінде компания 8 миллионнан астам тұрғынды, 10 өңірдегі 35 мың кәсіпорынды көгілдір отынмен қамтамасыз етеді.

Былырғы жылы компания 2200 газ желісін салып, 93 елді мекенді газбен жабдықтау желісіне қосты. Соның нәтижесінде 65 мыңнан астам отбасы көгілдір отынды пайдалану мүмкіндігін иеленді. Талдықорған, Қапшағай, Есік, Жаркент, Байқоңыр қалалары, сондай-ақ Алматы, Түркістан, Қостанай, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарындағы елді мекендер тұнғыш рет газдандырылды.

Ақтөбе облысында автоматты газ тарату стансасы салынды. Ол тек облыс орталығын емес, төрт ауданның елді мекендерін газбен үздіксіз жабдықтай алады. 2020 жылға дейін еліміздің 9 аймағында қашықтығы 7 мың шақырымнан асатын газ желісін қайта жаңғыртуға және газбен қамтуды кеңейтуге арналған инвестициялық жобалар жүзеге асады. Елді мекендерді газдандыру «ҚазТрансГаз» АҚ және мемлекеттік-жекеменшік серіктестік қаржысы есебінен жүргізіледі. Қазірдің өзінде осындай инвестициялық бағдарламаларды іске асырудың нәтижесінде тұрғын үй құрылысы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы инфрақұрылым жобаларын қаржыландыру, жол құрылысы, шағын және орта бизнестің дамуына серпін берілді.

Таюу жылдары еліміздің солтүстік және орталық аймақтары, соның ішінде Астана қаласы өтімділігі 3 млрд т/м деп жоспарланған «Сарыарқа» газ желісі магистралінің есебінен газдандырылады. Жаңадан салынатын газ желісінің трассасы және оның желі құрылғылары Қызылорда, Қарағанды, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарында орналасады. Жобаның бірінші кезеңі Қызылорда-Жезқазған-Қарағанды-Теміртау-Астана бағытында 171 елді мекенді қамтиды. Қашықтығы 1081 шақырымды құрайтын бұл желінің құрылысы 2019 жылдың желтоқсанында аяқталуы қажет. Сол кезде 2,7 млн адам газбен жабдықталады. Екінші кезеңде газ желісіне Көкшетау мен бүкіл Ақмола облысы қосылады. Үшінші кезеңде газ желісі Петропавловскіге жеткізіледі. Төртінші кезеңге «Жезқазған» және «Теміртау» компрессор стансаларының



ең ірі инвестициялық жобалардың бірі «Қазақстан – Қытай» трансұлттық газ желісінің өтімділігін ұлғайту болып табылады. «С» тармағындағы №1 және №3 компрессор стансаларының іске қосылуымен жылына 20 млрд текше метр газ тасымалдау мүмкіндігіне қол жеткізілді. Өткен жылғы күзде отандық газ Қытайға азиялық құбырға қосылған «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ желісінің қуатын арттыру есебінен экспорттала бастады. Қарқынды өсіп жатқан Қытай экономикасы жылына 10 млрд текше метр қазақстандық газды тұтынуға бейім. Бұл тек еліміздің

құрылысы жоспарланған. Бұл газ желісі магистралінің жылдық тасымалын 2 млрд текше метрге жеткізуге мүмкіндік береді.

Отандық газ саласының осылайша тұрақты да қарқынды дамуы еліміздің табиғи газ өндірушілердің алдыңғы қатарына қосылуына мүмкіндік береді. Бұл белесті бағындыруға «ҚазТрансГаздың» жемісті жұмысы мен тиімді менеджменті ықпал ететіні сөзсіз. Бұған компанияның соңғы жылдардағы зор жетістіктері дәлел бола алады.

Талан ТІЛЕГЕН

Серпін

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ Erasmus Mundus – CASEU академиялық ұтқырлық бойынша халықаралық жобаны табысты орындады. Бұл еуропалық жоғары білім беру кеңістігімен және шетелдік әріптестермен өзара іс-қимылдың жаңа деңгейін белгіледі, қазақстандық университет жобаның қосымша үйлестірушісі қызметін атқарды.

ҚазҰУ әлемдік деңгейдегі ғылыми-зерттеу университетіне белсенді түрде трансформациялана отырып, бәсекеге қабілеттілігін дәйекті және тұрақты негізде жетілдіру, жоғары білім беру және зерттеулердің сапасын үнемі арттыру арқылы ғаламдық ғылыми-білім беру кеңістігіне интеграциялануға бағыт алды. Университет бірқатар халықаралық ғылыми-білім беру бағдарламаларына, оның ішінде Еуропалық комиссия қаржыландыратын жобаларға белсенді түрде қатысады. Көптеген жыл бойы ҚазҰУ жүзеге асырылып жатқан «Темпус» жобаларының саны бойынша Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында көшбасшы,

«CASEU» – ЕУРОПАДАН ҚАЗАҚСТАНҒА

сондай-ақ бірнеше рет «Эразмус Мундус» жобаларында еуропалық үйлестірушілер мен отандық серіктес жоғары оқу орындарының арасында байланыстырушы рөлін атқарды. Қазіргі таңда Қазақстанның алдыңғы қатарлы университеті 30-дан астам «Erasmus +» халықаралық жобаларына қатысады.

ҚазҰУ-дың аталмыш жобалар шеңберінде максатты өзара әрекеттесуі университеттің академиялық саясатын Болон процесінің қағидаларына және жоғары еуропалық стандарттарға барынша жакындатуға мүмкіндік берді. Институционалдық деңгейде бағдарлама университетке интернационализациялануға, ECTS жүйесін тиімді енгізуге ықпал етіп, шетелде оқу кезеңдерін тану тетіктерін әзірлеп енгізуге көмектеседі.

Алдыңғы жылдардағы ұтқырлық жобаларына қатысу барысында ҚазҰУ атқарылған жоғары сапалы жұмысы үшін белсенді әрі сенімді әріптес ретінде жоғары беделге ие болды, сонымен бірге еуропалық университеттермен бірлескен білім беру бағдарламалары мен халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырудың озық тәжірибесінің үлгісіне айналды. Серіктес жоғары оқу орындары консорциумының шешімі бойынша ҚазҰУ «Silkroute – SILKRoad Universities Towards Europe», «GSmart – Spatial ICT Infrastructures for Smart Places», сонымен бірге «CASEU – Central Asian and European Universities Consortium» атты Erasmus Mundus бағдарламаларының қосымша үйлестірушісі және аймақтық үйлестірушісі болып сайланды.

Бұл жоғары сенім қазақстандық жетекші университеттің білім беруді интернационализациялауы және жоғары оқу орындарында ұсынылатын білім беру қызметтерінің жоғары сапасымен ерекшеленуіне байланысты, ол өз кезегінде университеттің әлемдік рейтингте белсенді түрде алға ілгерілеуі және ғылыми-білім беру кеңістігіндегі жоғары беделімен расталады. Биыл ҚазҰУ QS халықаралық рейтингісінде әлемдегі ең үздік 220 университеттердің қатарына енді. Университеттің жоғары халықаралық деңгейде мойындалуына ҚазҰУ-дың үш рет қатарынан жетекшілік еткен БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» тұрақты даму жөніндегі бағдарламасының ғаламдық хабы ретіндегі белсенді жұмысы да ықпал етеді.

ҚазҰУ-дың білім беру бағдарламалары озық тәжірибе негізінде құрастырылған, онда университет ғалымдары

ғылыми-зерттеу жұмыстарының соңғы нәтижелері интеграцияланған. Мұнда академиялық ұтқырлық бағдарламаларының қатысушыларына жайлы өмір сүруге, сондай-ақ ғылыми және шығармашылық әлеуетін толық іске асыруға қажетті барлық жағдайлар жасалған.

ҚазҰУ – жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен 70-тен аса ортақ бағдарламаларды жүзеге асырып отырған Қазақстандағы жалғыз университет, олардың қатарында Сорбонна университеті, Лотарингия Ұлттық политехникалық университеті, Осака университеті, Валенсия политехникалық университеті және т.б. Жаңа оқу жылында ҚазҰУ-дың үздік магистранттары мен докторанттары жоғары білікті мамандарды дайындау мақсатында «Ғылымға кіріспе» атты бірлескен білім беру бағдарламасы аясында Оксфордқа (Ұлыбритания) оқуға жіберіледі.

Университеттің мықты оқытушы-профессорлар құрамы ИНТАС, ИДБ, ЕО, Дүниежүзілік Банк тарапынан қаржыландырылатын әлемнің жетекші ғылыми-білім беру орталықтарымен бірқатар ауқымды халықаралық ғылыми жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Магистранттар мен PhD докторанттардың тақырыптары ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-



конструкторлық әзірлемелер жасауға арналған нақты жобалармен байланысты, бұл олардың ғылыми-кәсіби дайындық деңгейін айтарлықтай арттыра түседі.

Жоғары оқу орнында қажетті барлық ғылыми-инновациялық инфрақұрылым бар, оған технопарк пен бизнес-инкубаторлар, 30 F3I және түрлі орталықтар кіреді. Университетте «Hewlett-Packard», «Cisco», «Konica minolta», «Huawei», «SAP», «Microsoft», «Samsung», «AutoDesk», «PERCO», «Касперский зертханасы» және басқа да әлемге танымал компаниялардың зертханалары



BILIM

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



диалогты нығайту бойынша тығыз байланыстар орнату.

«CASEU» жобасы еуропалық серіктес жоғары оқу орындарының білім алушылары мен қызметкерлеріне кең ауқымды мамандықтар мен бағдарламалар бойынша ҚазҰУ-да семестр немесе бір оқу жылына білім алуға және тағылымдамадан өтуге мүмкіндік береді. Ұтқырлыққа қатысушылар мәдениаралық ортада білім алып, кәсіби біліктіліктерін шындай түседі, жаңа ғылыми байланыстар орнатады, бұл өз кезегінде тараптардың болашақта өзара ынтымақтастығының тұрақты негізін қалауы тиіс.

«CASEU» жобасын жүзеге асыру барысында ҚазҰУ барлық алға қойылған міндеттерді орындады. Университет Польша, Франция, Италия, Испания, Румыния және Нидерландының студенттерін қабылдады. Қатысушылардың саны, қол жеткізілген нәтижелер мен студенттердің оң пікірі ұтқырлық жобасының табысты аяқталуын растайды.

«Менің жоғары оқу орнын таңдауым кездейсоқ емес. Өйткені әл Фараби атындағы ҚазҰУ мықты білім беру дәстүрлерімен, оқуға деген заманауи ұстаныммен және тамаша кампусымен ерекшеленеді. Университеттегі сабақтар арнайы шетелдік студенттер үшін құрылған кішігірім топтарда өткізілді және өте жемісті әрі пайдалы болды. Мен үшін бұл бірегей мәдени және кәсіби тәжірибе», – деп атап өтті Италияның студенті Дарио Куалья.

Нидерландыдан келген студент – Оливер Кортлас оқу барысында қазақ және орыс тілі курстарына тегін қатысып, көптеген кездесу шарасына қатыса алғандығы жайлы атап өтті. Бұл оған тез қалыптасуға және жаңа достар табуға мүмкіндік берді. ҚазҰУ-ға келгендердің барлығы өздерінің бағдарламаға қатысу нәтижелеріне оң деген баға беріп, басқа студенттерге осы университетте білім алуды ұсынатындықтарын алға тартты.

Жоба 2014-2018 жылдар аралығында жүзеге асырылды, оған Орталық Азияның

ең ірі университеттері қатысты. Еуропалық серіктес жоғары оқу орындары қатарына Барселона университеті (*Испания*), Пуатье университеті (*Франция*), Касиетті Радбод Утрехтский атындағы Неймеген университеті (*Нидерланды*) және Валенсия политехникалық университеті (*Испания*) кірді. «CASEU» жобасының грантка ұсыныс берушісі және жобаның үйлестірушісі қызметін Барселона университеті (*Испания*) атқарды.

ҚазҰУ бұдан әрі де халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейтіп, академиялық ұтқырлық жобаларына оның ішінде Еуропалық одақтың «Erasmus+» бағдарламаларына қатыса отырып, интернационализацияны дамытып, оның механизмдерін жетілдіруді мақсат тұтады.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ



Өмірдің өзінен

*Незік қолдары сірленіп кеткен.
Жүзінен жылу емес, сұрықсыз
суық леп еседі. Қоқыс жәшігінен
бірдеңе табылып қалардай
өлермендене ақтарады.
Тапқанын біресе аузына салып
жібереді. Біресе дорбасына
сүңгітеді. Сырттай қарағанда
жиіркенішті. Өзі де кісі киік
болып кеткендей. Адамға тік
қарамайды, үркек. Өз әлемінде
өмір сүреді.*



«БОМЖ» ӘЙЕЛДІҢ БОЛМЫСЫ

Бұл — Алматыдағы көпқабатты үйлердің коқыс күресінде өмір сүретін әйел. Оны жұрт «бомж» дейді. «Бомж» десе, бәріміздің тыжырына қалатынымыз рас. Мүсіркей қарағанымызбен, бұл күйге қалай түскені туралы бас қатыра бермейміз. Көпшілік «бомж апай» атап кеткен осы бір жұмбақ жанның тіршілігі мені бей-жай қалдырмады.

Ең алғаш мен бұл кісіні құрбым тұратын көпқабатты үйдін коқыс ауласынан көрдім. Ол кісі жанталаса коқыстағы пакеттерді ақтарып жатты. Жақында «Әйгерім» ықшамауданында тұратын туысымның үй жағынан тағы да кездестірдім. Әлі сол сірне-сірне жұпыны киімімен жүр. Бұл ауданда әлгі «бомж апайдың» туыстары тұрады. Қаншама рет көшеден тауып әкеліп, үйге кіргізгенімен, ол қайтадан көшеге кетіп қалады екен. Туысымның көршісінен мән-жайды білмекші болып сұрастырдым. Ол әлгі қаңғыбас әйелдің мұндай күйге түскеніне бірнеше жылдың жүзі болғанын айтты.

— Ауылда тұратын үйі өртеніп, жақындарынан көз жазып қалған. Сол кезден бастап осындай күйге түсті, басқасын өзінен сұрасаныз да айтып береді. Бір жақсысы — бұл кісі алысқа ұзамайды. Мекен ететін тұрағы осы ауданға жақын, — деді әлгі туысы.

— Райымбек пен Петров көшесінің маңындағы коқыс па? — дедім осыдан бірнеше ай бұрын сол маңайдан көргенімді мензеп.

— Иә, сол маңайдан табасыз. Тек біздің, яғни туыстарының ол кісіні сыртқа теппейтінін түсіндіріңізші! — деді.

Іздеген адамым әлгі коқыстан табылды. Алыстан таныдым. Жанына ақырын барып, өзімді таныстырдым, неге келгенімді айттым.

— Менің сұрықсыз өмірім кімге керек? Неге әнші-әртис деген сияқты жұлдыздардан сұхбат алмайсың? Солардың өмірі — өмір, біздікі тозақ қой, — деді елуді еңсерген әйел шамданып.

— Маған жұлдыздардың өмірі емес, сіздің өміріңіз маңызды. Сіз туралы оқып, адамдар ойланса екен, жақындарын қараусыз қалдырмаса екен деп едім. Сондықтан сізге келіп тұрмын, — дедім. Ол кісі біраз ойланып қалды. Содан соң ренжіген кейіп танытып:

— Сонда саған көшедегі кезбенің өмірі қызық па? Қызық болса, айтайын. Бірақ мені ешкім түсінбейді, түсінгілері келмейді, — деп күбірледі.

— Бірнеше сұрақ қоямын. Тек соған жауап берсеңіз болды, — дедім.

— Қандай сұрақ?

— Алдымен жайғасып отырып алыңыз, асықпаныз! Мұндай күйге түсуіңізге не түрткі болды? Бұрын қандай жұмыс істедіңіз? — деп көмейіме келген алғашқы екі сұрақты лак еткіздім.

Ол тағы біраз ойланып қалды. Сосын бір шешімге келгендей тамағын қырнай күрсініп алды да әңгімесін бастады.

олар мені жұмысқа шығарып салатын. Өйткені енем асыл жан еді. Менің жұмысымның ауырлығын білетін. Танертен ерте кетіп, кеш бата үйге өрен жетем. Бәлкім, еркелігім шығар, жұмыстан кейін «өріптестермен» бірігіп арақ ішетінбіз. Сонда да енем мен күйеуім бетіме басып, ештеңе айтпайтын. Жолдасым ренжіп дауыс көтере бастаса, енем мені қорғайтын. «Үндеме. 1-2 рөмке ішсе ішсін. Жұмысы ауыр. Жалғыз өзі ішіп жүрген жок. Қасындағылар іш деп қолқалаған соң, ішпей қайтсін? — деп үнемі менің сөзімді сөйлейтін.

Бірте-бірте жұмыстан кейінгі отырыс құрбылардың бірінің үйінде жалғасатын болды. Тіпті түн ауа қыздардың үйіне қонып қалатын күнге де жеттім. Өмірім осылай өтіп жатты. Бірсыдырғы тіршіліктен шаршадым ба, әлде мастандым ба, білмеймін? Жүйкем сыр беріп, ештеңе ұнамайтын болды. Күйтелектеніп, не болса соған ашу шақыратын дәрежеге жеттім. Жалғыз қалғым келеді де тұрады. Сүйретіліп жұмысқа барып, әйтеуір, жұмыс істеп жүрдім. Бұл қылығым отбасыма, мектеп басшылығына да ұнай қоймады. Сөйтіп жүргенде директор бір күні мені жұмысымнан босатты.

— Жұмыстан шыққан соң не істедіңіз? Ішкілікке біржола салынып кеткен шығарсыз? — деп кінәні өзінен көре сөйледім.

— Жұмыстан шығып, үйде жаттым. Сол күнге дейін үндемей келген жолдасым бұл жолы шыдамады. Күнде ұрыс, күнде айқай. Құлақтан тыныштық кетті. Күйеуімнің ызынын естімейін деп аулақ кетіп, түн жарымына дейін ішетін әдет таптым. Арақ сенімді серігіме, жұбанышыма айналып бара жатты. Үйдегі жинап қойған азын-аулақ ақша таусылған соң, жылдар бойы жинаған дүниені сатуға көштім. Үйдегілерге бірде білдірмей, бірде қарсылығына қарамай әкетіп, қолға ілінген, керекке жарайтын заттарды сатып арақ аламын. Кәдімгі алқаш болдым. Ауылдағылардың бәрі маған мүсіркей қарайтын болды. «Алқаш әйел» деп сыртымнан күліп те жүрді. Сол кездері маған не болғанын елі күнге дейін түсінбеймін...

Бір білерім, енем маған бірде-бір рет ұрысқан емес. Жолдасым таяқтың астына алып, сабап жатса араша түсетін. Неге қорғады екен, жарықтық?! — деп ол көзіне жас алды.

— Сіздің жаныңызды жаралағым келген жок, — дедім кейіпкерімді аяп.

— Менің қайғымды ешкім түсінбейді. Осы арақты бірнеше рет қойғым келген. Бірақ қойғаныммен, менің отбасым қайтып келмейді. Соларды ұмту үшін ішіп жүрмін ғой, — деп тағы да көзі жасына ерік берді.

— Бір күні тойлайтын, Надя деген ауылдағы құрбымның үйінде қонып қалыппын. Таң ата Надяның көршісі есікті қақты.

— Сәбира, тұр, тұр, үйін өртеніп жатыр! — деді. Әзілдеп жатқан шығар деп алғашында

мән бермедім. Бір кезде бүкіл ауылдың «өрт, өрт» деген айқайын естіп үйге қарай жүгірдім. Ағаштан салынған ескі үй болатын. Лапылдап жанып жатыр. «Айжан, Айжан!» деп жан ұшыра айғайлады. Ал одан кейін не болғаны есімде жоқ, — деп бұл жолы кәдімгідей егіліп жылады. — Есімді Алматыда, ауруханада бір-ақ жидым. Туыстарым осында алып келген екен. «Әйгерімде» тұратын әкемнің жалғыз қарындасының балалары бар. Басқа туыстарым менен әлдеқашан сырт айналған. Әлгі өртке барлығы мені кінәлайды. Ал мен сол туыстарымның ешқайсысына тәуелді болғым келмейді. Өз-өзімді асырай аламын. Тамақ пен араққа ақшаны қалай табатынымды айтайын ба? — деп бетіме жалт қарады.

— Қаладағы коқыс жәшіктерінің өз иесі бар. Мысалы, мен басқа районға барсам, ол жерге кіргізбейді. Ал мен бұл ауданнан Сашканы тауып алдым. Ол бұл жердің «местный» қайыршысы. Төңіректегі коқыс жәшігін ақтарып бөтелке жинаймыз. Жинағанымызды өткізіп, тіскебасар мен ішімдік сатып аламыз. Андидитымыз — коқыс жәшігі. Оны таңғы сағат онға дейін ақтарып

үлгермесек, коқыс таситын көлік алып кетеді. Соған бола таңмен талааса тұрамыз. Бар ойымыз — бөтелке табу. Бір шөлмек тапсам, соған жүрегім жарылардай қуанамын! Сөйтіп жүріп арақкештен қаңғыбасқа айналып шыға келдім. Коқыс арасында жүріп, мұнда да таныстықты арттырдым. Олармен қосылып, тамақ қалдықтарын жеуді үйрендім. Басында ұшынып ауырғам. Кейін ағзам бұған да көндікті, — деп жаңа ғана жылап отырған әйел күлді.

— Сіздің туыстарыңыз бар емес пе? Неге олармен бірге тұрмайсыз? — дедім сөзін бөліп.

— Туыстарыма ризамын, мені бірнеше рет емдеу орталығына алып барды. Кейде осы жерден де алып кетіп үйлеріне апаралды. Бірақ мен арақты енді қоя алмайтын шығармын. Ащы суды алғашқы жылдары қызығып басталдым, білем. Ал қазір күйіктен ішемін. Тастай алмайтын күйге жеттім, — деп дені сау адамдай сөйлеп отырды да, сол замат «Айжан! Айжан мектепке баралы. Айжанға дәптерін алып беруім керек» деп күбірлей жөнелді. Көзіме еріксіз жас келді. Ана емес пе. Жүйке жүйесінде ауытқу бар екен. Әрі қарай не дерімді білмей мелшиіп қалыппын. Көз алдымнан оның бүкіл өмірі кино лентасындай сырғып өтіп жатыр...

Кенеттен қаңғыбас әйел әңгімесін жалғады:

— Кейде ыдыс жусам да, жұмыс істейін деймін. Бірақ мына сиқыммен кім алсын мені жұмысқа? Денсаулық та баяғыдай емес. Аяқтарым анда-санда бастырмай қалады. Біткен жерім осы шығар, қайтейін?

Сәбира апай тағы да көзіне жас алды. Аяп кеттім. Шылым алып беруімді өтінді. Өтінішің орындалды.

— Кешке жұмыстан келгенімде енем дәмді ас дайындап, балапаным мені күтіп отырушы еді, — деді өткен өмірін қайта есіне алып. — Барлығының алдында абыройлы едім. Тамақ дайын, кір жуулы, қызым көз алдымда гүлдей құлпырып өсті. Әттең, сол уақыт қайта оралса, ешқашан ішімдікке жоламас едім ғой. Ешқашан! Жұмыстан да шықпаса едім. Неге бүкіл өмірімді осы араққа арнадым екен? Неге ғана осы ащы суға әуес болдым? Ішім өрт, өзегім жалын, — деп, «бомж апай» таппақтап барып бір-ақ тоқтады.

Ол орнынан тұруға оқталғанда, қалтамнан 1000 теңге алып, кір-кір қолына ұстаттым. Ішетінін біле тұра сөйттім. Бәлкім, ойланар, еңсесін көтерер деген ой болды менде. Басы салбырап, бойын жазбаған күйі менен ұзай берді. Айтылған әңгіме қалай аянышымды туғызса, санамды да дүр сілкіндірді. Қуып жетіп «Сәбира апай, тоқтай тұрыңызшы, сізде бәрі жақсы болады, тек ащы суды енді ішпеніңізші!» дедім жалынып. Көңілім бұзылып, дауысым дірілдеп тұрып айттым. «Бомж апай» жымиды да «Енді тым кеш» деді.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

«Әйр Астана» 2018 жылғы бірінші жарты жылдықтағы тасымалдың және кірістің өсуін көрсетті. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2018 жылдың бірінші жарты жылдығында жолаушы тасымалының 10% және кірістің 17% ұлғайғаны туралы хабарлайды. 2018 жылдың қаңтар мен маусым айы арасында 2 миллионнан астам жолаушы тасымалданды.



ҚАНАТТАНЫП КЕЛЕДІ

Халықаралық жолаушылар легі 2017 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 22% ұлғайған. Халықаралық транзиттік легі 75% өсіп, 320 000 жолаушыны құрады. Транзиттік жолаушылар саны «Әйр Астананың» халықаралық жолаушылар легінің 30% құрады.

Астанадан Түменге және Қазанға жана рейстердің ашылуымен және Астанадан Лондон, Омбы, Дубай, Дели қалаларына және Алматыдан Душанбе, Баку, Гонконг, Сеул және Бішкек қалаларына қосымша рейстер енгізуімен тасымалдау сыйымдылығы 8% өсті. Оған қоса, Астана мен Алматыдан Бейжіңге, Мәскеуге, Санкт-Петербургке және Киевке жана жиіліктер қосылған. Сондай-ақ Атырау-Франкфурт-Атырау бағыты бойынша жана рейс 26 наурызда ашылған.

Наурыз айында «Әйр Астана» Cathay Pacific әуекомпаниясымен код-шеринг келісiмiн жасап, жолаушыларға Гонконг арқылы Азияға және Австралияға ыңғайлы түйсу рейстерін ұсынады. Сөйтіп, Cathay Pacific қазақстандық әуекомпаниясының 11-ші код-шеринг серіктесі болды.

«Әйр Астана» 17 тапсырыс берген ұшағынан жана үшінші A321neo әуе кемесін қабылдады. Көктемде әуекомпания Астана қаласында авиациялық-техникалық орталығын іске қосқан. Бұл орталық «Әйр Астана» ұшақтарына ғана емес, Қазақстанға ұшатын өзге де әуетасымалдаушыларға техникалық қызмет көрсетеді. Сондай-ақ орталықта Part 66 EASA лицензиясы бойынша авиациялық механиктер мектебі жұмыс істейді.

«Әйр Астана» АҚ президенті Питер Фостер «Жолаушы легі халықаралық және транзиттік бағыттарда жоғары болып тұр. Ішкі және аймақтық бағыттардың дамуы қатан бәсекелестікпен және операциялық шығындардың өсуімен тежелуде», — деді.

Ақпарат ағыны

ҚЫМБАТ ҮЙДЕ ТҰРҒЫСЫ КЕЛМЕЙДІ

Париждегі 65 миллион еуроға бағаланған пәтер қазақстандық иелеріне ұнамай қалыпты. Енді оның иесі баспананы сатылымға шығарды деп жазды ақпарат құралдары.



Қалталы азамат француз астанасының бай ауданында орналасқан сән-салтанатты пәтерді сатқалы жатыр. SPA аумағы, болатпен капиталған қорғаныс бөлмелері бар баспана үшін үй иесі 125 миллион еуро сұрап отыр. Бұл сатып алған бағадан екі есе қымбат. Бельгиялық риелтор Игнас Мювиссен айтқандай, пәтер әлгі байдың әйеліне ұнамай қалыпты. «Қазақстандықтың әйелі бұл үйде тұрғысы келмейді», — дейді ол.

Құны 65 миллион еуро тұратын пәтер иесінің кім екені әзірге құпия. Еліміздің мемлекеттік кірістер комитеті оның шенеунік емес екенін мәлімдеді.

ЖАЛҒАН ҚҰЖАТПЕН ҰСТАЛДЫ

Үш баласымен Алматыдан Мәскеуге ұшпақ болған әйелдің жолы кесілді.



baq.kz. Тексеру барысында шекарашылар балалардың құжатында қолдан жасалған белгілердің бар екенін анықтады. Деревіс қозғалып, деректер еліміздің ішкі істер министрлігіне жолданды.

Алаш тарихы

1885 жыл, Қарғалы. Бұл Тосын болысының тоғайлы, сулы, көрікті жерінің бірі еді.Тосын болысы өзеннің жағасы мен жиде тоғайының арасына ылғи аппақ ақ шаңқан киіз үйлер тіккен. Болыс сайлауы өтіп, уез бастығы қатысқан үлкен жиын болып, оған қарасты Торғай бекетінің Аккөл, Акқұм, Шөптікөл ауылдарының өкілдері қатысқан. Сайлау қорытындысына наразылық білдіріп, іштен тынып тұрған негізінен Аккөл, Акқұмнан келгендер еді. Бұ жақтағы белсенді, белді, ел арасында беделділері — үмбетейліктер, оның ішінде Шошақ балалары Ақтас, Байтұрсын, Сабалақтың жүріс-тұрыстары, сөздері де ірі еді. Жиналған жұрт сайлаудың қорытындысына көңілдері толмай, іштей тынғанмен, Ақтастай ірі қимылды ағасына сүйенді ме, Байтұрсын ортадағы он екі канатты ақ үйден маң-маң басып шығып, сұлу күрең атқа мініп, уез орталығына қайтуға бет алған уез бастығы полковник Яковлевке сөз айтуға бекініп, күрең аттың жолын тоса берген. Уез бастығының екі жағында қайқы қылыш тағынған казактар Байтұрсынға қарай ұмтыла берген. Соған қарамастан, Байтұрсын уез бастығына «Біз сайлау қорытындысына наразымыз!» деп айтып салды. Яковлев қасындағыларға «Қалаға апарып, камандар, мынаны!» —деп бұйрық берген. Казактар Байтұрсынға ұмтыла бергені сол еді, үлгермеді, ол қолындағы шыбыртықмен Яковлевті тартып жібергенде, шыбыртықның ұшы мойнына оралып, уез бастығы атынан жерге мұрттай ұшып түсті. 1868 жылы орыс патшасының указымен казак жерін аймақтарға, облыстарға бөліп басқару жүйесі енгізілген болатын. Онда Батыс Сібір аймағы, Торғай, Сырдария, Түркістан, Жетісу облыстарына бөліп еді. Ол жүйе бойынша Торғай облысының орталығы Орынборда, Торғай уезінің орталығы Торғайда болған.

Ал енді Казак жерінде отарлық аймақтық басқару жүйесі жүзеге асқан он жеті жыл ішінде «Орыстың уезд баскарып отырған полковник бастығын ұрған екен» дегендей ерек оқиға Торғайдан басқа еш жерде болып көрген емес. Содан ба, уез бастығы Яковлевті ұрған үшін Ақтастың, Байтұрсынның, Сабалақтың қолдарына кісен салынып, сол күні түрмеге айдалды. Яковлевтің қатаң талабымен Шошақ балаларының барлық мүлкі, малы түгелдей кәмпескеленіп, малдары Торғайға айдалды. Шошақтың басқа балалалары, Ерғазы атакты оқиға кезінде Қарғалыда болмағандықтан, олар тұтқындалудан аман қалды. Бірақ сотқа дейін, тергеушілердің Ақтас пен Байтұрсынға көрсетпеген қорлығы жоқ, сабады, ұрды, тепті. Тұтқындағы үш азаматта барлығына шыдады. Көп ұзамай уез соты болып, Ақтас,



Байтұрсын, Сабалақты он бес жыл Сібір қаторғасына айдау туралы шешім шығарды. «Тұтқындарды Сібірге айдайды» деген күні Аккөл, Акқұмнан келген ағайындар, уез орталығындағы «бұрын болмаған «қызықты» көру үшін қызыл түрменің шығаберісіне жиналған. Сәске ауа түрме есігі қылышты казактар жиналды да түрме есігі ашылып, одан кісендеулі үш тұтқын шықты. Сакал мұрттары өсіп кеткен. Әуелі Ақтастың бәйбішесі Үбіжан күніреніп, күйеуімен көрісті. Одан кейін жолын күтіп тұрған Ахметтің анасы Күнше Байтұрсынды еніреп, жыр айтып көрісті. Басқа ағайындарда шулап, жылап жатыр. Казактардың старшинасы жиналған жұртқа айғайлап, қамшы сілтеп, айбар көрсетті. Олар тұтқындарды жедел түйе жегілген арбаға отырғызды. Екінші арбада тұтқындарды бақылайтын солдаттар отырған. Ақтастың бәйбішесі Үбіжан уез әкімшілігінен қаторғаға күйеуі Ақтаспен бірге баруға рұқсат қағаз алған. Үбіжан арбаға тұтқындармен бірге отырды. Жылап қоштасу өте ауыр болды. Бүкіл Торғай тітіркеніп кеткендей болды. Қылышты казактар қоршаған екі тұтқындар отырған арба Костанай жолына түсті, қайғылы адамдардан тез алыстағысы келгендей, түйелер даңғыл жолға түсіп жортып баралы...

Осы қорлықтың бәрін көзімен көрген бала Ахмет «Оқ тиіп, он үшімде ой түсіріп, Бітпеген жүрегімде бар бір жарам...», — деп жазуы содан еді... Сібірге айдалған Шошақ баласының үлкені Ақтастың Ерғазыға айтқан сөзі бойынша, оның үлкені Спандиар Торғайдағы мектепке оқытылуы тиіс еді. Бірақ Спандиар мектепте оқығысы келмей, Ерғазы төрт жылдық орыс казак училищесіне Ахметті апарды. Ахмет жетімдер мен сырттан келген балаларға арналған пансионда жатып оқиды. Бала Ахметтің бұрын ауыл молдасынан оқып,

анасы Күншеден орыс кириллицасындағы әліппесін танығаны бар еді. Содан Ахмет екінші курста жүргенде орыс тілін еркін меңгеріп алған. Жаздағы каникулда ауылына бармады, пансионда жатып, кітапханадан шықпады төрт жыл бойы, орыс, шетел әдебиетін, географиясын тереңдеп оқуға құштарлығы артты. Кітапханадан бос кездері кезде пансионның сыртына шығып, оған жақын орналасқан казармадағы казак солдаттарының іс-әрекеттеріне қарап отырады. Балада болса, Ахметтің сондай кездері орыс империясының Торғай жерін иелене бастаған тарихын ойлайды. Уез әкімшілігі Торғайға келіп, үстемдіктерін еркін жүргізе бастағанына да көп уақыт болмаған екен, көз жіберсе, тамырларын әлі де тереңдеп енгізе бастаған сынайлы, білген адамға. Бала Ахмет қолынан келер қайран жоғына күрсінді. Жазғы каникулда уез орталығында өткен үлкен астарда елге белгілі акын-жырауларды, термешілерді қызыға тындаған кездері болды. Содан кейін пансионға келіп, бұрын жазылған дәптердің сыртына, бос жерлеріне алғашқы өлеңдері әдемі өрнектей тізілетін. Әдемі демекші, училищедегі алғашқы күннен, анық мәшинкеге түскендей біркелкі жазу тәртібіне үйренген. Оны Ахаңның кейінгі ғұмырындағы қолжазбаларынан байқауға болады.

Ахмет Байтұрсын 1891 жылы төрт кластық Торғай орыс казак училищесін жақсы аяқтап, Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын төрт жылдық училищеге түскен болатын. Оны 1895 жылы ойдағыдай аяқтап, Әуликөлде бірер жыл ұстаздық жолында болды, тәжірибе жинақтады.

Ақтөбе, Әуликөл мектептерінде ұстаздық қызмет еткен жылдары жеткіншектерге білім

ЖҮЗ ЖЫЛҒА СОЗЫЛҒАН ҚҰҒЫН

(немесе ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың отбасы мен өзінің қиын-қыстауда өткен тағдыры туралы тарихи хикаят)

беруде жана әдістемелік жүйе қолданудың жолдарын іздестірді. Казак кириллицадан басқа, әліппе жасауды ойластыра бастаған кезі. Сол үшін кітапханалардан әлем тәжірибесін зерделеп,

www.jasqazaq.kz

Т-mail: jas_qazaq@mail.ru

құжатсыз деректерді тықпалап жүргендерде бар. Біріншіден, А.Байтұрсынов пен Бәдрисафа Мұхамедсадыққызымен Әуликөлде некелескені туралы еш нақты дерек, құжат жоқ. Екіншіден, әкесі Байтұрсын мен ағасы Ақтастың Сібір қаторғасында айдауда болуына байланысты А.Байтұрсыновтың ол «жылдары» үйлену «ойына да келмеді» десек, қисыны келер. Ахаңның ағалары мен әкесі Сібірге айдалып кеткенде Ахаңның туған ауылында



анасы Күнше мен бауырлары Қали, Мәшен, қарындасы Жияш қалған. Уез бастығы малдарын кәмпескелеп кеткесін ағайындар он шақты қой, бір сиыр, бір ат жинап беріскен. Уез әкімшілігінің қуғынынан кейін Шошақ балалары жүдеп қалған. Ахмет Байтұрсынов Әуликөлде мұғалімдікте жүргенде сағынса да, елге бара алмады. Әуликөлде мектептердегі қызметінде кейде Ахана еңбекақы да төленбей қалатын. Бірақ Ахан елден көмек сұрамалды, өзінің маңдай терімен тапқан жалақысына күн көрді. А.Байтұрсыновтың Әуликөлде жүргенде үйленбеуіне де, елге бара алмауына да осындай себептер болды.

А.Байтұрсыновтың әкесі мен ағасы Ақтас Сібірдегі айдаудан 1902 жылы, он жеті жылдан кейін оралды. Атажұртта Шошақ әулеті қайтадан абырой-беделге ие бола басталды, тіршіліктері жөнделе бастады. А.Байтұрсыновтың содан кейін еңсесі түзелді, рухани тәрбиелік бағыттағы мақсаттарына еркін бас қойды.

Аханның әкесі айдаудан оралғаннан кейін, жеті жылдан соң, яғни 1909 жылы алпыс алты жасында өмірден озған. Ал анасы Күнше 1919 жылы өмірден өткен екен. Күнше қасиетті де, әулие адам болды десек те болады. Байтұрсын шаңырағында қос өркешті бір аналық түйе болған екен, сол түйе кешке жайылымнан келе жатып, ылғи Күншенің бейітіне соғып, тізерлеп алып, боздап отырады екен. Соны көрген жұрт еріксіз көздеріне жас алады екен. Аханның әкесі Байтұрсынның ағасы Ақтас 1920 жылы қайтыс болыпты.

А.Байтұрсынов И.Крыловтың мысалдарын XX ғасырдың бас кезінде аударуды бастаған. «Аудару» деген тура айтқандағы мағынасы ғой, Ахаң 1909 жылы басылып шыққан «Қырық мысалды» казак өміріне бейімдеп, еркін, аударған.

Осы жылы Міржақып Дулатовтың да «Оян, казак!» атты жыр кітабы басылып шыққан. «Оян, казак!» пен «Қырық мысалдың» сол кездегі казакқа әсері мол болды.

1904 жылы А.Байтұрсынов Омбыдағы Торғай облысы оқу істері жөніндегі инспекторы Алекторовты іздеп барған. Оған мектептерде казак балаларын христиан дініне кіргізуді доғаруды, мұсылманша оқытатын казак кластарын ашу мәселелерін айтқан болатын. Бірақ миссионерлік қызмет

аткарып жүрген Алекторов А.Байтұрсыновтың көтерген мәселелеріне көңіл бөлмеді. Ресей отаршыларының казак жерінде мектеп ашқандағы мақсаттары, оларды христиан дініне көптеп тарту екенін А.Байтұрсынов содан түсінген.

Сол күннен бастап А.Байтұрсынов ағарту ісінде жана бағыт әкелу үшін ғылыми бағытта зерттеу жұмысына белсене кірісті.

Омбыда жүргенде Аханды Міржақып Дулатов іздеп келген. Жалындап тұрған ақын

жігітке А.Байтұрсынов қатты ырза болып, екеуі достасып кетті, ел үшін бір мақсатта қызмет етуге белсене кірісіп кетті.

Содан екеуі мұғалімдікті Семей облысында жалғастырды.

Сөйтіп жүргенде, Ресейде 1905 жылы революция болып, одан іле демократиялық кейбір кеңдіктерге жол ашқан патшаның декларациясы шыққан. 1905 жылғы Ресейдегі революциялық көтеріліс казактың оқығандарының арасында бір үміт отын жалғады.

Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов Семейден казактың қамын, келешегін ойлайтын оқыған озық ойлы азаматтармен танысты. Соның бірі — заң саласында қызмет істейтін заңгер Жақып Ақбаев еді. Әлихан Бөкейханов Омбыда жүрсе де, Аханмен, Міржақыппен хабарласып тұратын. Патшаға казак мәселесін көтеріп, аймақтағы билікке петиция жазу идеясын көтерген со кісі. Он екі мындай адам қол қойған әйгілі петиция жазылып, Омбыдағы Ә.Бөкейхановқа жеткізілген. Ол патшаның Ішкі істер министрлігіне және аймақтық губернатор атына жазылған еді. Семей уезінің жандармериясының бастығы Осовскийдің губернаторға жеткізген деректері бойынша Ә.Бөкейханов ол петицияны пошта арқылы Петерборға жіберген. Содан кейін, Семей уезінің тыншылары петиция жазғандарды іздеп, «күдікті» деп, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Ж.Ақбаевтың және басқа да бірнеше адамның артынан аңдыған. Соның нәтижесінде алғаш 1907 жыл А.Байтұрсынов, Ж.Ақбаев және тағы бірер адамды аз уақытқа қамауға алған. Тыншылардың Дала губернаторына жеткізуі бойынша «Қарқаралы» петициясының тексін жазған Ж.Ақбаев» делінген. Содан сол жылы сот болып, заңгер Жақып Ақбаев Жетісуға жер аударылған.

Ахана тергеушілердің күштеуімен «петиция жазуға қатысы бар» деп жала жапқандармен алғаш түрмеге түскен ғой сол жолы.

«...Қинамайды ау, абақтыға жапқаны, Қиын емес, дарға асқаны, атқаны, Осылардың маған ауыр бәрінен, Өз ауылыңның иттері үріп, қапқаны» деп мұнаятыны сол себептен еді.

Бір белгілі жазушы «А.Байтұрсыновтың Бәдрисафа Мұхамедсадық қызына үйленген» деп жазуы осы оқиғадан кейін, яғни 1908 жылы. А.Байтұрсыновтың қолында өскен Самұрат Көкішев өзінің атасы туралы кітапшасында «Ахан «Бәдрисафа апан мен түрмеде жатқанда тамақ тасып, кірімді жуып берді. Оған үйленбесем, менің азаматтығыма сын болар еді» дегенін жазған.



Жұмат ӘНЕСҰЛЫ

(Жалғасы бар)





БҮГІНГІ САТИРА



Әйелімді айтамын да. Қолынан «Айфоны» түспейді, «Катын, тамақ!» десем, «сәл, күт!» дейді. Күткені құрысын, айтсам егер дұрысын, әйелім ұялы телефонының ішіне кіріп кетеді, газға қойған сүті бір кезде іріп кетеді.

Тамақ істеп жатса да, иығы мен құлағының арасында «Айфоны». Бір күні кешке

құшақтап жатады. Мен қалдым жайыма. Бір күні «Айфонынан» бала көтеріп, жүкті болып қалса, таң калмаймын. Сосын, түннің бір уағында тыркылдап күледі дейсің! Шошып

оянып, иығынан түртсем: «Вацаппен қызық приколдар келді!» деп қойып, артынша «Инстаграмдағы» «Супер мамашаны» қызықтайды. Маған, туған байына мүлде қызықпайды... Тіземді тыр-тыр қасып, көңілім бір түрлі жасып,

келген... Енді қолынан ала бергенімде.. Енді ала бергенімде... Әйелім «Айфонымен» бетіме бір ұрғаны! Сауап болды.

«Айфоны» сынып қалған шығар десем, жок, менің бетім сынып қалыпты! Мұрным «Инстаграм», бір бетім «В контакте», екінші бетім «Вацап» сияқты... Керісінше, менің табақтай бетім «Айфонның» галереясына түсіп қалыпты. Оны әйелім «Жаға ұстатты», «Сұмдық екен!» тобына жіберіп, тағы да маскара болдым.

Сонымен, екінші күйеу деген пәле шықты. «Вацап» деген. Соны жақсы көреді. Соны еркелетеді. Соны қуаттайды... Тәуіпке алдап апарып, түшкірттім, оқыттым, дуаладым! Бәрібір! Сол атын өшкір «Вацаппен» бірге өлетіндей... Шайтан емес қой, егер әйелім өле қалса, «Айфонымен» бірге көмсек, о дүниеден хабарласып тұратын сияқты. «Тозақ» группасынан» деп. Жұмакқа әй, қайдам, бара қоймайды-ау? Оқып жүрген

Мұхтар ШЕРІМ,
жазушы

O, Whats App



көшеде келе жатып, құдыққа түсіп кетіпті! Айфонын бетіне жабыстырып келе жатқанда байқамаған ғой. Содан маған «Отбасы» тобына «Құлап кетіп, құшақтап отырмын!» деген жазба келді. Артынша, бір қайыршы әйелді құшақтап отырған суретін жолдапты. Төтеншеліктерді шақырып, өзім біраз бақырып, әрең дегенде шығарып алды. Жатарда да, таң атарда да қолынан «Айфоны» түспейтін болды. Тіпті соны

бетімді алақаныммен басып, булығып жатқаным сол!

О, атаңа нәлет, вацап! Қонақтар келгенде де, әйелімнің қолынан «Айфоны» түспейді. Соған бір үніледі де, қонақтарға шәй құя бастайды. Өткенде сорпаға шәй құйып, маскарамыз шықты. Тойға барсақ та сол, үніліп отырғаны. Тойдан қайтсақ та сол, үніліп, не бірденеден түңіліп... Ұйықтап жатқанда, қолына қысып алған «Айфонын» жәйла-а-ап, алып қойғым

намазын осы «Вацапка» бола тастап кетті ғой!

Бір күні көшеде, сол «Айфонына» үніліп келе жатқанда машина қағып кетіп... Жооқ, өлген жок, аяғы сынып, ауруханаға түсіп қалды. Кеше тамақ апарсам, аяғы гипсте, жоғары ілінсе де, қолында «Айфоны», «Вацапка» бірденелер жазып жатыр! О, атын өшкір вацап!



Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен Астана қаласында республикалық «Ұлы дала рухы» фестивалінің солтүстік аймақтық іріктеу жарыстары өтуде. Жеңімпаздарды анықтау үшін Астана қаласы, СҚО, Ақмола, Қостанай облысының құрамалары өзара бәсекеге түсіп жатыр. Жарыстың алғашқы күні Еуразия ұлттық университетінің спорт кешенінде алдымен асық атудан жеңімпаз команда анықталды. Астана қаласының асық атушылары барлық қарсыласынан басып түсіп, қыркүйек айында өтетін финалдық кездесуге жолдама алды.



Жеңімпаз анықталды

Боз кілем үстінде балуандар белдесуі де тартысты өтті. Астана қаласының балуандары барлық қарсыластарын жеңіп, финалдық ойынға жолдама алды. Ал ат құлағында ойнайтын дарабоз жігіттеріміздің арасында көкпар ойыны жоғары дәрежеде өтіп, Астана қаласында ұйымдастырылатын фестивальдің екінші кезеңі көкпардан

аймақ бойынша екінші жарыс күні аяқталды. Алдымен Еуразия ұлттық университетінің спорт кешенінде тоғызқұмалакшылар бәсекесі өтті. Астана қаласы топтық кезеңде бірінші орынды алып, қыркүйек айында өтетін финалға жолдама алды. Екінші орын Ақмола облысына бұйырса, үздік үштікті Қостанай облысы түйіндеді. «Қазанат»



финалдық жолдаманы Ақмола және Қостанай облыстарының көкпаршылары сарапқа салады. Бүгін тоғызқұмалақ және көкпар ойындарының жеңімпаз командалары анықталады. Астана қаласында ұлттық спорт түрлерінен республикалық «Ұлы дала рухы» фестивалінің солтүстік

ақшабарында көкпардан үздіктер анықталды. Бірінші айналымда Ақмола облысы СҚО құрамасын жеңсе, Қостанай облысы Астана қаласының көкпаршыларынан басым түсті. Үшінші орын үшін өткен ойында Астана қаласы мен СҚО арасындағы кездесу негізгі уақыт тең аяқталып, қосымша

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жасар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы (8 702 799 79 23)

Байкал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Лина АЙДЫН — Алматы облысы (8 707 666 16 03)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2128;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 46 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.